

**"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын іске асырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1205 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 41 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын іске асырудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1205 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының ережелерін іске асырудың кейбір мәселелері» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының ережелерін іске асыруды үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тағайындалсын.» .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К.Мәсімов*